



Жалағаш

Жаршысы



Ел жаңалықтары

Банкрот деп тану қызметі іске қосылды

Кеше елімізде «Соттан тыс банкроттық процедураны қолдану» мемлекеттік қызметі іске қосылды. Қызмет аламын деушілер үшін өтініш онлайн қабылданады. Бірақ eGov.kz порталында және eGov Mobile қосымшасында банкроттыққа өтінішті борышкердің өзі ғана бере алады.



eGov.kz порталында және eGov mobile қосымшасында өтініш бермес бұрын құжаттардың толық пакетін жинау керек. Сондай-ақ қызметке өтініш беру үшін екінің деңгейлі банктерден қажетті растамаларды алу қажет.

Соттан тыс банкроттыққа өтініш беру үшін азаматтар мына процедураларды орындауға міндетті. Банкрот деп тану туралы соттан тыс арыз беру шарттарының сақталуын растау, некеде болу жағдайында жарының ЖСН-ын көрсету, несиелер бар қаржы институттары туралы мәліметтерді толықтыру, салық органын көрсету және құжаттардың көшірмелерін қосу, АӘК алушы болса немесе міндеттемелерді орындау мерзімі 5 жылдан астам болса, өтінішке бір реттік құпия сөз немесе ЭЦҚ арқылы қол қою керек.

Қызмет нәтижесі 15 жұмыс күні ішінде жеке кабинетте шешімге сілтеме түрінде пайда болады. Шешімді Қаржы министрлігінің сайтынан қарай алады. Соттан тыс банкроттық рәсімі 6 айға дейін созылады.

Айта кетейік, елімізде банк, микроқаржы ұйымдары алдында берешегі бар азамат саны 8 млн-нан асады. Олардың жалпы қарызы 8 трлн теңге көлемінде. Осынау азаматтың тек 1,5 млн-сының қарызы төлемегеніне 90 күннен асып, NPL90+ межесіне шығып кеткен. Қаржы министрлігінің болжауынша, банкроттық рәсімін ел бойынша 1,1 млн адам пайдалануы мүмкін.

«ЖЖ» ақпарат

Алғыс



Берекелі елдің бірлігі бекем

Қазақстан – әлемдегі саяси тұрақтылығы бекем елдердің бірі. Бізде сан алуан ұлттың өкілі татулық пен бейбітшіліктің туын берік ұстап, өзара әлемдік дамудың көшбасшысы болуға ұмтылып келеді. Қанша ұлт пен ұлысты бір шаңырақ астына біріктірген қазақ жерінде бейбітшіліктің бедері бұзылған емес. Сол себепті де әлем елдері Қазақстанды татулық пен достықтың мекені деп біледі.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Қазақ тарихында қанша ауыр кезеңдер болса да, бірлігінен айныған жоқ. Тіпті ұлтарақтай жерінің өзін тағдыр талайымен осында қоныс тепкен бауырлас халықтарға бөлісті. Өзім деп келгенді өзекке теппеген қазақ халқының көпшілігі мен дархан кенілі елдегі тұғырлы тәуелсіздігіміздің баянды болуына да кепіл болып келеді. Ең бастысы, ата-баба аманаттаған өз иелігіміздегі қасиетті қара топырағымызды алаңсыз басып жүрміз. Көңіл сыйса, бәрі сыятынын дәлелдеп, жүз отыздан аса ұлт пен ұлысқа пана бола алдық. Бір тудың астында, бір шаңырақты бірге көтеріп, берекелі күн кешудеміз. «Не берсе де пейіліне береді» демекші, бүгінгідей бейбітшіліктің бедері бұзылмай, бірлігіміз бен татулығымыз жарасып, тыныш заманда өмір сүруіміз қазақтың кеңпейіліне берген тәңірдің сыйы болса керек. Өйткені қазақстандықтар қандай қиын-қыстау кезеңде де, елді құрсауына алған нәубетті күндерде де жұдырықтай жұмыла білді. Тәуелсіздікті, азаттықты, бірлікті сақтауда бір атаның баласындай атсалысты.

Осыдан бірнеше жыл бұрын атаулы күн болып бекітілген «Алғыс айту» күні де қазақстандықтардың бірлігінің негізіне арналған мереке болды. Қазақстан Ассамблеясының құрылуында біздің елдікелемелдеріне «татулық пен тұрақтылықтың үлгісі» ретінде танылуына ықпалын тигізді. Содан бері елімізде көктемнің алғашқы күні, яғни 1 наурыз – Алғыс айту күні ретінде аталып өтіледі. Биыл да айтулы күнге аман-есен жетіп, бір-бірімізге алғыс айта алдық, ұлтаралық достықтың бар екенін дәлелдеп, этнос өкілдерімен бауырластығымызды нығайта түстік. Айтулы мереке қарсаңында Қ.Қазанғаев атындағы мәдениет үйінде салтанатты шара өтті. Аудан халқын құттықтаған аудан әкімі Асқарбек Есжанов мерекенің маңыздылығына тоқталды.

Иә, расымен өздері түрлі саяси ауыр жазалардың салдарын тартып отырса да, эвакуацияланған этностарға туысындай қамқорлық танытып, қолындағы барымен бөлісіп, бауырына басты. Берекенің бірлікте екенін жете ұққан текті халық күні бүгінге дейін сол этностарға алақозбен қарап көрген емес. Тамыры терең, тарихы кең, қойнауы әсем саз бен шөжірелі жырға толы жалағаштықтардың болса керек, еліміз тәуелсіздігін алғаннан бері кең байтақ қазақ даласында жаңаша өмір ағыны бір арнаға түсіп, елдің ертеңіне деген берік сенім орнығып келеді. Бұл – халқымыздың мызғымас бірлігінің жемісі. Елде тыныштық пен бірлік болса, алдағы уақытта да аудан экономикасының қарқынды дамуына құтты қадамдар жасалып, өңір халқының қолдауымен қыруар жұмысты жүзеге асыратын боламыз. Ең бастысы, елдің тыныштығы мен берекесі бірлігі. Көктемнің нұрлы шуағымен бірге келген бүгінгі мереке жүздеріңізге жылылық, көтеріңкі көңіл-күй сыйласын, – деді аудан басшысы.

қай кезде де ел бірлігі мен ұрпақ саулығы, ұлт амандығы жолында атқарған ерлік істері көпке мәлім. Талай ұлт пен ұлысты өзге деп бөле-жармай, туыстық қарым-қатынас орнатты. Күллі қазақ халқының бір-біріне алғыс айтып, ризашылығын білдіруіне себеп болған айтулы мерекенің маңызы осында жатыр.

Ал мәдениет үйіндегі салтанатты шара барысында бірқатар сала қызметкерлері мен этнос өкілдері аудан әкімінің алғыс хатымен марапатталып, құрмет төрінен көрінді. Мұнан соң аудан жұртшылығына мәдениет үйінің өнерпаздары концерттік бағдарлама ұсынып, көрерменге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Ән мен би, сән мен салтанат, салт пен дәстүр қатар өріліп, халық достығының көрінісі айқындалды.

Расында қазақ елі – ынтымағы жарасқан көптеген ұлттар мен ұлыстардың ұлы Отанына айналған қуатты ел алып мемлекет. Біз тыныштық арқылы тұрақтылыққа, татулық арқылы тұтастыққа қол жеткіздік.

Бүгінде ауданда 300-ден аса өзге ұлт өкілі тұрады. Олардың барлығы бір-бірімен тығыз байланыста, жақсы қарым-қатынаста күн кешуде. Мақсат-мүддесі ортақ, бірлік бекем, достығы берік ұлттар қазақ елінің салт-дәстүріне, ұлттық құндылықтарына құрметпен қарайды. Дана халықтың қонақжайлығы мен бауырмалдылығын ерекше бағалайтын этнос өкілдері бірлік болмай, тірлік болмайтынын жақсы біледі.

№1 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Курманбаева Гулзат Ердаулетовнаның өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Курманбаева Гулзат Ердаулетовна 1966 жылы 10 сәуірде Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жаңаталап ауылында дүниеге келген.

1988 жылы Н.В.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтын тарих және қосымша француз тілі мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1988 жылы Сырдария ауданындағы №142 орта мектепте тарих пәні мұғалімі болып бастаған. 1990-2005 жылдары Жалағаш кентіндегі №201, №202 орта мектептерде тарих пәні мұғалімі, 2005-2009 жылдары Жалағаш аудандық білім бөлімінің бас маманы, бөлім бастығының орынбасары, 2009-2016 жылдары Жалағаш кентіндегі Ш.Ермағанбетова атындағы №246 орта мектеп директоры, 2016-2021 жылдары Жалағаш аудандық білім бөлімінің басшысы, 2021-2023 жылдары жетіші шақырылған аудандық мәслихаттың депутаты, Жалағаш аудандық мәслихат хатшысы қызметтерін атқарды.

Мен халықпен біргемін!

Бүгінде тұрғындарды толғандыратын мәселелердің оң шешім табуына атсалысу, қоғамның өзекті сұранымдарына сай әрекет ету мақсатында аудандық мәслихат депутаттығына кандидат ретінде тіркеліп, депутат болуға бел будым. Себебі аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуын арттыруға үлес қосу, халыққа қызмет көрсету және сайлаушылардың мүддесін қорғауды өзімнің азаматтық парызым деп санаймын. Мен сайлаушылардың сенімін иемденіп, депутат деген мәртебелі мандатқа қол жеткізсем, алға қойған мақсаттар мен жоспарларымды орындау бағытында және ауданымыздың өсіп-өркендеуіне өзімнің бұған дейін жинақтаған білім-тәжірибемді, іскерлік қарым-қабілетімді аяндай жұмсайтын боламын. Сол

себепті төмендегі сайлауалды бағдарламамды сіздерге ұсынамын.

Сайлауалды бағдарламасы

Аудан тұрғындарын қолайлы жағдай жасау мақсатында Жалағаш кентіндегі ДЭУ мен Сәрке батыр, М.Шөменов, Қ.Нұрпейісов, Бұқарбай батыр, Төле би, А.Ләттеуова, Шоңбай ақын, М.Бәйтөреев кешелеріне күрделі жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне атсалысып, оның сапалы болуын қадағалаймын.

Кент орталығында теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілерге арналған аспалы көпір құрылысының сапалы жүргізілуін бақылауда ұстаймын. Кенттегі Т.Үркімбаев көшесі мен Төле би көшесінің аяқ жағында арықтандыру бойынша мәселелер бар. Осы мәселенің оң шешілуі бойынша тиісті атқарушы органдармен жұмыс жасаймын.

Тұрғындар арасында тазалық мәдениетін қалыптастыру бағытында көркейтү-көгалдандыру жұмыстарын жандандыруға күш саламын.

Кәсіпкерлік – ел дамуына қосылатын қомақты үлес

Ауданымызда шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту және жұмыссыздықты азайту бағытында тұрғындарға қайтарымсыз гранттар мен төмен пайызбен шағын несиелер беруге атсалысатын боламын. Жергілікті бюджетке қосымша кіріс көздерін ашу жолдарын қарастырамын.

Аудан орталығындағы мия тамырын өңдеу зауытының жұмысын жандандыру жөніндегі халықтың ұсыныстарына қолдау көрсетіп, жүзеге асыруға және жаңа жұмыс орындарының ашылуына ықпал етемін.

Құрылыс жұмыстарының сапасы бақыланады

Кенттегі орталық стадионның қазіргі жағдайы сын көтермейді және жөндеуді, қайта жаңғыртуды қажет ететіні белгілі. Сондықтан орталық стадионды қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізуге жұмыс жасаймын.

Аудан орталығындағы 300 орынға арналған №123 мектеп-лицейінде оқитын оқушылар санының жылдан-жылға артуына байланысты орын тапшылығы айқын сезіледі. Осыған байланысты №123 мектеп-лицейдің жанынан 200 орындық қосымша ғимарат құрылысын жүргізуге атсалысамын.

Кент орталығындағы көпқабатты тұрғын үйлерді жөндеуден өткізу, алаңдарын ретке келтіру және балаларға арналған ойын алаңдарын салу қажеттігі бар. Аталған жұмыстардың жүргізілуіне, оның ішінде Т.Үркімбаев көшесіндегі көпқабатты 2 тұрғын үйді күрделі жөндеуден өтуіне ықпал етемін.

«Жайлы мектеп» жобасы аясында кент орталығында 300 орындық мектеп құрылысының жүргізілуіне ықпал жасаймын.

Жастар – елдің болашағы

Жастар бастамаларын ескере отырып, олардың тегін оқып, мамандық алуына, жұмысы орналастыруға және жастардың өмір сүру деңгейін арттыруға қолдау көрсетемін.

Жастардың өз сүйікті ісімен кәсіби айналысуына қолдау көрсетемін. Осы орайда аудан жастарының жеке кәсіпкерлікке бет бұруына ықпал жасап, мемлекеттік қолдауларды ұтымды пайдалануына бағыт-бағдар беремін.

Ел тұрмысы – ең басты мәселе

Қай салада да жемқорлық әрекеттерге жол бермеу, азаматтардың жемқорлық әрекеттерге тезбестік ахуалын қалыптастыру бағытында жұмыс жасаймын.



Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатында тұрғындардың ұсыныстарына байланысты демеуші кәсіпкерлерді ұйымдастыра отырып, мемлекет қаржысы есебінен қаржы бөлуге атсалысып, қосымша спорт алаңдарын салуға жұмыс жасаймын.

Тұрмысы төмен отбасылардың, көпбалалы аналардың, мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайын орқашан назарда ұстап, барлық тиісті әлеуметтік жөнілдіктермен қамтылуын бақылауға аламын. Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде берілетін жөнілдіктердің тұрғындарға қолжетімді болуына атсалысамын.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№10 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Абдреева Бахыт Токтасиновнаның өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Абдреева Бахыт Токтасиновна 1970 жылы 22 мамырда Жалағаш ауданы Мәдениет ауылында дүниеге келген.

1977-1987 жылдары №32 мектепте орта білім алған. 1987-1992 жылдары ҚР мемлекеттік қыздар педагогикалық институтының физика-математика факультетінде математика және информатика пәнінің мұғалімі деген біліктілік алып шықты.

1993 жылдың қаңтарынан бастап №32 орта мектептің математика және информатика пәнінің мұғалімі болып еңбек жолын бастады. 2013 жылдың қаңтар айынан мектеп директорының бағдарлы оқыту жөніндегі орынбасары болып қызмет етті.

2017 жылдың маусым айынан бастап №32 мектеп-лицейдің директоры қызметін атқарады.

Мектеп оқушылары аудандық жарыстарда, олимпиадада жүлделі орындарды иеленіп жүр. Еңбегі елесті, аудан өкімінің алғыс хаты, облыстық білім басқармасының мақтау қағаздарымен марапатталған. Отбасылы, 2 ұл, 2 қыз тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Болашаққа нық қадам бүгіннен басталады

Өскелең ұрпақ – ел болашағы. Балалардың қауіпсіздігі үшін алдымен Мәдениет ауылындағы Қалдан батыр көшесінің мәселесін қойып отырымын. Аталған көшені жарықтандыру және жөндеу жұмыстары

бойынша тиісті орындармен бірлесіп, оң шешімін табуға өз ықпалымды жасайтын боламын.

Тәуелсіз елдің болашағы – білімді ұрпақ. №122 орта мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге қолдау білдіремін.

Мемлекеттік бюджет қаражатынан немесе жеке кәсіпкерлерді ұйымдастыра отырып, Мәдениет ауылынан балаларға арналған ойын алаңын салуға ықпал жасаймын.

Халық денсаулығы – ұлт байлығы

Басты байлық – ұлт денсаулығы. Мырзабай ахун ауылындағы ауылдық амбулатория ғимараты сын көтермейді. Тұрғындардың талап-тілегін ескеріп, медициналық нысанның құрылысын салуды көтеремін.

Ауылдардың ішінде Мәдениет ауылдық ауруханасы ең үлкені. Алайда қазіргі таңда бұл нысанның жұмысы тұрғындардың көңілінен шықпауда. Аталған нысанның халыққа қызмет жасау жұмыстарын жүйелендіруге өз ықпалымды тигізетін боламын.

Елді мекен келбеті назарда

Тұрғындардың сапалы өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында Мәдениет және Мырзабай ахун ауылындағы ішкі көшелерге кезең-кезеңімен жөндеу жұмыстарын жүргізуге қолдау жасаймын.

Клуб – ауыл мәдениетінің ошағы. Мырзабай ахун ауылында ауылдық клуб мүлде жоқ. Аталған ауылға жаңа ауылдық клуб салуға ықпал жасаймын. Мырзабай ахун елді мекеніндегі тұрғын үйлер

секторының электр желілерінің құрылысын жүргізуге қолдау білдіремін.

Әлеуметтік қолдау жалғаса береді

Баспана, жер кезегінде тұрған азаматтардың кезектілікпен баспанаға, жерге қол жеткізулеріне аса мән беремін.

Халықтың аз қамтылған көпбалалы, осал топтарын қолдау мақсатында демеушілерді тартып, қайырымдылық көмектер ұйымдастыруға атсалысамын. Мемлекеттен берілетін әлеуметтік қолдауларды азаматтардың кедергісіз алуына ықпал жасаймын.

Қадірлі жерлестер! Құрметті сайлаушылар!

Мәслихат депутаты болудағы мақсатым – елге қызмет ету. Біріншіден халық қалауына айлық берілмейді. Қызметтік көлікпен де қамтылмайды. Бұл – түсінікті тілмен айтқанда, қоғамдық жұмыс. Өз қызметінді атқарсаңыз. Сонымен қоса, елдің мәселесіне де назар аударуың керек. Себебі саған мәселесін арқалаған мыңдаған адам келеді. Олардың көкейінде шешімін тапса екен деген үлкен үміт бар. Сондықтан бейжай қарай алмайсың деп ойлаймын. «Уақытым жоқ» деп айтуға тағы болмайды. Уақыты жоқ адам депутат болмауы керек. Жауапкершілік арқалап, мандат алдың ба, елдің игілігі үшін қызмет ет. Менің түсінігім осындай. Себебі депутат – халық пен билік арасындағы алтын көпір. Ел арасына ынтымақ пен ырыстың, бақ пен берекенің, бақыт пен шаттықтың ұялауына да солар ықпал етеді. Ең әрісі, осы елде туып, асын ішіп, ауасын



жұтып өскен әр азаматтың туған жерге еңбек сіңіруі – азаматтық парызы. Баршаңызды маған дауыс беруге шақырамын!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№10 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Асылбеков Аян Асылбекұлының өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы



Өмірбаяны

Асылбеков Аян Асылбекұлы 1988 жылы 2 наурызда Жалағаш ауданы Мәдениет ауылында дүниеге келген.

1994 жылы I.Қабылов атындағы №32 орта мектепке 1 сыныпқа қабылданып, 8 сыныптан бастап «Облыстық спортта дарынды балаларға арналған спорт интернатында» «Дзюдо бөлімінде» оқып бітірген.

2005-2009 жылдары «Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің «Заң» факультетінде білім алды.

2010-2015 жылдары Аймақтық Әлеуметтік Инновациялық университетінің «Дене шынықтыру» факультетін

бітірген.

2010 жылы №14 БЖСМ дзюдо күресінен жаттықтырушы болып жұмысқа қабылданды.

2015 жылдан бастап Қызылорда облысының Дзюдо федерациясында спорттық директор қызметін атқарады.

2020 жылы Жалағаш аудандық спорт бөлімінде бас маман қызметін атқарған.

1 санатты жаттықтырушы.

Дзюдо күресінен халықаралық дәрежедегі төреші.

Отбасылы, 3 бала тәрбиелеп отыр.

Сайлауалды бағдарламасы

Балалардың қауіпсіздігі үшін алдымен Мәдениет ауылындағы Қалдан батыр көшесінің мәселесін ретке келтіремін. Аталған көшені жарықтандыру және жөндеу жұмыстары бойынша тиісті орындармен бірлесіп, оң шешімін табуға жұмыс жасаймын.

№122 орта мектеп ғимаратына күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге қолдау білдіремін.

Мемлекеттік бюджет қаражатынан немесе жеке кәсіпкерлерді ұйымдастыра отырып, Мәдениет ауылынан балаларға арналған ойын алаңын салуға ықпал етемін.

Мырзабай ахун ауылындағы ауылдық амбулатория ғимараты сын көтермейді. Тұрғындардың талап-тілегін ескеріп, медициналық нысанның құрылысын басталуына күш саламын. Сондай-ақ құрылыс сапасы да ұдайы бақылауыма болады.

Мәдениет ауылдық ауруханасы ауылдық елді мекендердегі медициналық нысанның ең үлкені болып табылады. Алайда қазіргі таңда бұл нысанның жұмысы

тұрғындардың көңілінен шықпайды. Аталған нысанның халыққа қызмет жасау жұмыстарын жүйелендіруге өз ықпалымды тигіземін.

Ауылда инфрақұрылымды дамыту, тұрғындарды мемлекеттік қолдау, әкімдіктермен және олардың бөлімдерімен бірлесіп, ауылдағы жайылымдық жер мәселесін шешу де күн тәртібінен түспейді.

Осы мәселелер бойынша жобала сараптама жүргізу және жобаларды іске асыруға қаржы бөлу мәселесіне бастамашы боламын.

Тұрғындардың сапалы өмір сүру деңгейін арттыру мақсатында Мәдениет және Мырзабай ахун ауылындағы ішкі көшелердің кезең-кезеңімен жөндеу жұмыстарын жүргізуге қолдау жасаймын.

Мырзабай ахун ауылында ауылдық клуб жоқ. Ауылға жаңа ауылдық клуб салуға ықпал жасаймын.

Мырзабай ахун елді мекеніндегі тұрғын үйлер секторының электр желілерінің құрылысын жүргізуге, «Таза ауыл» мәдениетін қалыптастыру үшін көркейту көгалдандыру жұмыстарын әрі қарай жандандыруға ықпал етемін.

Баспана, жер кезегінде тұрған азаматтардың кезектілікпен баспанаға, жерге қол жеткізулеріне аса мән беремін.

Халықтың аз қамтылған көпбалалы, осал топтарын қолдау мақсатында демеушілерді тартып, қайырымдылық көмектер ұйымдастыруға ат салысамын. Мемлекеттен берілетін әлеуметтік қолдауларды азаматтардың кедергісіз алуына ықпал жасаймын.

Елді мекендерде шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту мақсатында мемлекеттік бағдарламалар арқылы ауыл тұрғындарын оқытуға, олардың несиелер және грант алуына қолғабыс етемін.

Жеке кәсіпкерлікпен айналысамын, өз-өзімді жұмыспен қамтамасыз ететін дегендерді қолдауға баса назар аударамын.

Мемлекеттік бағдарламалар шеңберінде жастардың өз кәсібін ашуына жағдай жасау және кәсіпкерлік бастамаларын дамытуға қолдау білдіруге ықпал жасап, тиісті жұмыстардың атқарылуы аясында еңбек етемін.

Өңдеу өнеркәсібі бағытындағы жобаларды іске қосудың жолын қарастырып, ауыл шаруашылығы сапасын өртапартаңдыру бағытында жұмыстар жүргізуге де мүмкіндік қарастырамын.

Жер учаскелерін нысаналы мақсатқа сәйкес пайдалану туралы ұсыныстар өнгізуге, бюджеттік салық түсімдерін қамтамасыз ету және тұрғындардың салық төлеу мәдениетін қалыптастыруға да күн тәртібінен түсіремін.

Азаматтардың қауіпсіздігі мен құқықтық қорғалуы басты назарымда болады.

Халықпен «Ашық есік» күні аясында кездесулерді жиі өткізуге басымдық беремін.

Өз учаскемде құқық қорғау органдары қызметінің заңдылығы мен барынша ашықтығы, сот билігінің тәуелсіздігі, мемлекеттік қызметкерлердің заңды бұзу фактілерінің жариялылығы қамтамасыз етілетініне уәде беремін.

Қай салада да жемқорлық әрекеттерге жол бермеу, адамдарда жемқорлық әрекеттерге төзбестік ахуал қалыптастыруға ықпал жасаймын.

Жемқорлық тәуекелдерін жою бойынша іс-шараларға қолдау білдіремін.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

№10 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Шилдебаева Ляйла Алпысбаевнаның өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Шилдебаева Ляйла Алпысбаевна 1966 жылы 15 қарашада Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Аққұм ауылында дүниеге келген.

1974-1984 жылдары Аққұм ауылында №38 Шым-бөгет орта мектебінде білім алды.

1984-1989 жылдары Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы педагогикалық институттың «ПИМНО» факультетін «Бастауыш сынып және орыс тілі пәні мұғалімі» мамандығы бойынша бітіріп шықты.

1989-1991 жылдары №188 орта мектепте бастауыш сынып және орыс тілі пәнінен мұғалім ретінде еңбек жолын бастады.

1991-2005 жылдары №122 орта мектепте бастауыш сынып және орыс тілі пәнінен сабақ берді.

2005 жылдың 5 наурызынан бастап №122 орта мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары қызметін атқарып келеді.

Отбасылы, 3 ұл, 4 немере тәрбиелеп отыр.

Білім беру саласындағы қызметім үшін аудандық білім бөлімінің, облыстық білім басқармасының, аудан облыс өкімінің «Құрмет» грамоталарымен, ҚР Білім және ғылым министрінің алғыс хатымен, аудандық және облыстық кәсіподақтың «Құрмет» грамотасымен, «Аманат» партиясының алғыс хаттарымен, ҚР Тұңғыш Президентінің алғыс хатымен, «Лидер образования» медалімен, «Полицияның анасы» медалдарымен марапатталған.

Қадірлі жерлестер!

Мен қасиетті Жалағаш жерінде туып өстім. Туған

өлкенің тарихын да, халқымыздың басынан өткен қиын-қыстау кезеңдерді де жақсы білемін. Жоғары оқу орнын бітіріп, мектепке мұғалім болып орналасып, одан бері осы білім саласын дамыту жолындағы саналуан жұмыстарға, әсіресе өскелең ұрпақты тәрбиелеуде және қоғамдық жұмыстарда белсене араласып келемін.

Осы бағыттағы жұмыстарды жетілдіру, дамыту бағытында ҚР Президентінің биылғы 19 наурызда ҚР Парламенті Мәжілісіне және жергілікті мәслихаттарға депутаттар сайлауын тағайындау туралы Жарлығы шыққаннан кейін аудандық мәслихаттың депутаты болуға бел будым.

Депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат. Бүгінгідей күрделі кезеңде осындай зор сенім мен жауапкершіліктің үдесінен табылу кім-кімге де сын болатынын жақсы түсінемін.

Егер маған сенім білдірсеңдер, депутаттық өкілеттілігімді пайдаланып, өзекті мәселелерді оңтайлы жолдарын қарастырып, сенімдеріңізді ақтау үшін көкейкесті мәселелерді шешімін табуға, халық игілігі үшін аянбай еңбек етемін.

Сайлауалды бағдарламасы

1. Әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларды, көпбалалы аналардың мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстау мақсатында құзырлы органдарға өткір мәселелерді қойып, шешімін табуға;

2. Жастар мен кітапты байланыстыратын көпір кітапхананың, оқырманның талап-тілегін қанағаттандыруға, ауылда мәдени-ағарту қызметін жандандыруға, кітапхана ғимаратын салдыруға;

3. «Ұлт болашағы – отбасы тәрбиесі» демекші, отбасы институттарын қолдауға басымдық беру арқылы ұлттық құндылықтарды сіңіру бағытында өңірлік бағдарламаларды жетілдіру, «Аталар мектебі», «Әжелер мектебі» клубтарын ашуға;

4. Ауыл жастарының бос уақытын дұрыс пайдалануын ұйымдастыру – жастар саясатының өзекті мәселелерінің біріне айналу керек. Жастардың бос уақытында мәдени қоғамдық жұмыстармен шұғылданыу бағытында, COWORKING орталықтарының ашылуына, мәдениет үйінің ғимаратының салынуына;

5. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауда спортты дамыту мәселесіне назар аударған болатын. Білімді, тәрбиелі әрі дені сау ұрпақ – ұлттың ең қымбат байлығы. Ал балалар мен жасөспірімдердің оқумен қатар өнер үйреніп, спортпен шұғылданыуына қолайлы жағдай жасау бағытында спорттық комплексінің ашылуына;

6. Ауылдың көркі – оның тазалығы мен жайқалған жасыл желегі. Сондықтан санитарлық тазалықты сақтауға, көгалдандыру жұмыстарын жүргізуге;

7. «Бала – байлығымыз» дегендей, жас бүлдіршіндеріміздің ойнауына арналған ойын алаңдарының салынуына;

8. Әрбір жаңаның мұң-мұқтажы мен ұсыныстарына әр уақытта мұқият көңіл бөліп, пікірлерімен санасып, олардың өтіншітерінің мүмкіндігінше оң шешілуіне;

9. Ауылдық округтер аумағындағы шешімін таппай отырған күрделі мәселелерді реттеуге барынша күш-жігерімді салып, ықпал етемін.



Құрметті сайлаушылар!

Сіздер өз таңдауыңызды дұрыс жасайды деп үміттенемін!

Болашақ ауылымызды бірге құрайық! Біздің тірегіміз – Тәуелсіздік, тілегіміз – тұрақтылық, білігіміз – бірлік!

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

Поэзия кеші

Жұмада облыс орталығындағы С.Майқанова атындағы мәдениет үйінде Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, ақын, жерлесіміз Фазиза Әбілданың шығармашылығына арналған «Сұлу қыз, ару әйел, асыл ана» атты поэзия кеші өтті. Оған зиялы қауым өкілдері, қала тұрғындары қатысты.

Кеш Қызылорда «Жастар театрының» өртістері ақын шығармаларынан дайындалған қойылыммен басталды. Кешті жас ақын Ақжол Түменбай жүргізіп, өлең жолдарымен кеш ажарын аша түсті.

Іс-шарада бірқатар құттықтаулар табысталып, ақынға сый-сыяпат жасалды. Қазақстан Жазушылар одағы облыстық филиалының төрағасы, «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты Қаршыға Есімсейітова Халықаралық Жазушылар одағының «Құрмет» грамотасын табыстады.

– Әдебиет – адамтану мектебі. Ақын-жазушылар – сол мектептің ұстаздары. Фазиза да өзінің асқақ та өсерлі шығармаларымен халықтың жүрегінен орын алып жүрген ақын қыздарымыздың бірі, – деді Қ.Есімсейітова.

Мұнан соң ҚР Парламенті Сенатының депутаты Руслан Рүстемовтің, облыс әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағановтың, Жалағаш ауданының әкімі Асқарбек Есжановтың, облыстық қоғамдық даму басқармасының басшысы Алмасбек Есмахановтың құттықтау хаттары оқылды. Сондай-ақ облыстық мәдениет басқармасы басшысының орынбасары Қуаныш Жанұзақов, Қызылорда қалалық мәдениет және спорт басқармасының басшысы Жағұпар Тажибаханов құттықтау сөз сөйлеп, қаламгердің шығармашылығына тоқталды.

Ф.Әбілда қазіргі күні облыстық «Сыр бойы» газетінде қызмет атқарады. Оған дейін бірнеше жыл Жалағаш аудандық «Жалағаш жаршысы» газетінің бас редакторы болды. Сыр өңірі ғана емес, еліміздегі ойлы оқырман атаулыға шығармалары етене таныс ақынның 2011 жылы «Таңсәрі», 2021 жылы «Сезім – сөрүен» атты жыр жинақтары жарық көрген. Ақын жырларын қырғыз ақындары Кундуз Суранбаева мен Назгул Хантөреева өз тілдеріне аударған.

Кешке өнер иесін құттықтап, алыс-жақыннан ақындар келді. Ақын халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының иегері Қатира Жәленова: «Фазизаның қай өлеңін алсақ та, махаббаттан жаралған. Өте сүйсініп оқимын, жаңа дүниелерін асыға күтемін» деп, шығармашылығына жоғары баға берді. Сырдың сыршыл ақыны, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, облыстық «Сыр бойы» газетінің бөлім меңгерушісі Дүйсенбек Аяшұлы жөніне иесіне шығармашылық табыс тілеп, жылы лебізін білдірді.

– Фазиза мектепте оқып жүрген кезінде «Сыр бойы» газетіне өлеңдерін жіберген. Ол өлеңдер сол кезде газетте қызметте жүрген менің қолыма түсті. Қарасам, өлеңдері әдемі. Мектеп оқушысының өлеңінен алысқа баратыны, ағымы алысқа кететін ақын екені көрінді. Соған бір жақсы



Сұлу қыз, ару әйел, асыл ана

пікірімді білдірген екенмін. Фазизаның бүгінгі жеткен биігін сол кезде танығаным үшін ризашылық сезімдемін, – деді Дүйсенбек Аяшұлы.

Ал «Парасат» орденінің иегері, белгілі қоғам қайраткері Алмағұл Божанова ақын өлеңдері қарапайымдылығымен, табиғилығымен ерекшеленетінін атап өтті.

– Қазақ – сөзге шешен, өлеңге жақын халық. Әр сөзін ұйқастырып сөйлейді.

Сондықтан мен де поэзияны жақсы көремін. Соның ішінде Фазизаның поэзиясын мойындаймын. Кез келген шығармашылық адамды бір тақырыпты байлап қояды. Бірін лирик ақын, бірін сатирик, бірін проза жазатын дейді. Ал Фазиза прозадан да алыс емес. Поэзиясы да түрлі тақырыпта. Қоғамның қай құбылысын да жүрекке жақын етіп жазады, – деді Алмағұл Божанова.

Іс-шарада кеш иесі Фазиза ақын жүректарды өлеңдерін оқып, оқырман қауымды, өнерін құрметтеуші ұжымнан тәнті етті. Сондай-ақ ақын өлеңіне жазылған әсем өңдер шыққалды. Кеш қонақтары қалалық орталықтан-дырылған кітапханалар жүйесінің ақын шығармаларынан дайындаған көрмесін тамашалады.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Қабылдау

Білімді ұрпақ – ел болашағы

**Оқыса білім бұлағы,
Оқыса елдің ұланы,
Тірітіп, елге жан бітіп,
Елі үшін жұмақ қылады.**

Бейімбет Майлин

Ғылым мен техника аршындап алға басқан қарыштап қадам басқан ХХІ ғасырда бүкіл әлемді шарпып келе жатқан жаңа технологияны игеру процесі, ғылым мен білімді дамытудағы бәсекелестіктер, жаңашыл өзгерістер біздің елімізді де толғандырады хақ. Тек білімді, ғылыми дамыған ел ғана қандайда болсын бәсекелестікке төтеп беріп, дамудың даңғыл жолына түсері сөзсіз. «Ел болашағы – білімді ұрпақ» деп бекер айтылмаса керек. Әлемнің қазіргі даму кезеңінде орын алған инновациялық, жаңа технологиялық өзгерістерден-ақ елімізде білім мен тәрбиелеу ісін жаңа сатыға көтеру қажеттілігі туындап отыр. Сондықтан білім беру саласында жасалып жатқан жаңа реформаларды жүзеге асыру – білім беру мекемелеріне, жалпы қоғам үшін ортақ іс. Жалағаш ауданының білім саласы да оқушыларға сапалы әрі заманауи білім беру

мақсатында жүйелі жұмыстар атқаруда. Жетістік те жоқ емес. Өңіріміздің озаттары әртүрлі облыстық, республикалық деңгейдегі білім сайыстарында жеңімпаз атанып, ауданның білім саласының жоғары екенін дәлелдеп жүр.

Осы орайда сәйсенбіде аудан әкімі Асқарбек Есжанов 13-18 ақпан аралығында өткен республикалық пәндік олимпиаданың облыстық кезеңінің жеңімпаздарын қабылдап, арнайы алғыс хатпен марапаттады. – Құрметті ұстаздар, оқушылар, сіздер білім додасында қатарларыңыздан оза шауып, аудан абыройын асқақтатып, мерейін үстем еттіңіздер. Мен сіздерді сол жеңістеріңізбен құттықтап, алғысымызды айтамын, аудан басшысы ретінде мақтан тұтамын. Озат оқушыларымыздың өңбегінің өлеңі өң алдымен білім нәрін құйған ұстаздардың, үлкен үміт артып отырған ата-аналардың жемісі деп білемін. «Білім алудың тамыры ащы, бірақ жемісі тәтті», деп бірінші ұстаз Аристотель айтқандай, білім мен өнер – ел болашағының жарқын болуына бірден-бір көпір. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде білім саласының дамуына, ғылымға құштар, бәсекеге қабілетті, білімді ұрпақ тәрбиелеуге баса назар аударуды міндет етті. Сондықтан

да жергілікті билік өкілі тарапынан білім аламын, ізденемін, ғылыммен айналысамын деген жасөспірімдерге барлық жағдай жасалған. Тек сіздердің тараптан ынта мен талап, мақсат пен жігер болса жеткілікті. Ұлы Абай атамның айтқан бір нақыл сөзі бар. «Білектің заманы өтеді, білімнің заманы келеді» деген. Әрине терең біліммен қаруланған біздің жастарымыз – өгемен еліміздің ертеңі, жарқын болашағы. Адам баласы туа сала ештеңе білмегенімен, Алла тағала оны үйренуі үшін барлық мүмкіндіктермен қамтыған. Яғни адам туа білмейді, жүре біледі. Сол сізге берілген мүмкіндіктердің ең негізгісі, және сізді жануарлардан айыратын ол – ақыл және ойлау қабілетіңіз. «Екпей егін шықпас, үйренбей білім жұқпас» демекші, осы ақыл ойыңыз арқылы үйреніп, білім күше ие бола аласыз. Сондықтан ата-аналар, ұстаздар, елге қызмет етіп жатқан аға буын сіздерден өздеріңіздей білімді, ойлы жастарға үлкен үміт артады. Елдің тізгінін ұстайтын келешек сіздер. Ал арқан сенім мен үміттің үдесінен шығу қажырлы өңбек пен ізденісті талап етеді. Мен сіздерге сенемін, жас достар, – деді аудан басшысы. Жыын соңында естелік суретке түсіп, ұстаздар мен оқушылар тарапы білім озат-



тарының жетістігін ескеріп, сәттілік тілеген аудан басшылығына алғыстарын жеткізді. Айтпа кетейік, олимпиада Жалағаш ауданы бойынша «Адалдық Алаңы» кеңсесі мамандарының, ата-аналар комитетінің өкілдері, қоғамдық емес ұйымдар өкілдерінің қатысуымен «gesra.dagup.kz» онлайн платформасы арқылы 1 оқушы, 1 компьютер, 1 камера қағидасымен өтті. Ал ашықтық пен айқындылықты қамтамасыз ету үшін

онлайн режимінде «youtube» желісі арқылы әрбір аудиторияда бейнебақылау жүйесімен тікелей трансляция жүргізілді. Білім сайысына жалпы облыс мектептерінен іріктелген 386 оқушы қатысып, 116 оқушы жүлдегер атанды. Жалағаштан 29 оқушы олимпиаданың облыстық кезеңінде аудан намысын қорғап, 18-і жүлделі орындарды иеленді.

Жандос ЖАЗКЕН

№1 сайлау округі бойынша Жалағаш аудандық мәслихат депутаттығына кандидат Байқожаев Сакен Болатовичтың өмірбаяны мен сайлауалды бағдарламасы

Өмірбаяны

Байқожаев Сакен Болатович 1973 жылы Қызылорда облысы Жалағаш ауданы, қазіргі М.Шәменов ауылында дүниеге келген. 1980-1990 жылдары М.Шәменов ауылында №34 орта мектепте білім алып, 1991-1996 жылдары Қызылорда агроөнеркәсіптік инженерлер институтында «Инженер-механик» мамандығын игеріп шықты. 2003-2005 жылдары Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің математика-информатика пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірді. 2003 жылы «Ақтөрек» сауықтыру лагерінде директор қызметін атқарды. 2004-2005 жылдары аудандық оқушылар үйінде ұйымдастырушы-педагог болып, 2005-2012 жылдары Ақсу ауылындағы №116 орта мектепте математика пәнінен мұғалым болып қызмет атқарды. 2012 жылы қазан айында аудандық білім бөліміне әдіскер болып қабылданды. Отбасылы, 2 бала тәрбиелеп отыр.

Елдің тұрмысын құрғақ сөзбен емес, нақты іспен көтеру керек

Халық сенімін арқалап, ел тізгінін ұстау – ер жігіттің міндеті. Осы орайда мен аудандық мәслихат депутаттығына үміткер болып тіркеліп, азамат ретіндегі міндетімді орындау үшін мінберге мініп, аудан тұрғындарының мұң-мұқтажын тыңдап, шешімін табуға бел будым. Ел болғасын мәселе болады. Ал оның шешімін табуға қажырлы қайрат, еңбек, нақты жоспар керек. Сондықтан мен сіздерге төмендегідей

сайлауалды бағдарламанды ұсынып отырмын.

Сайлауалды бағдарламасы

Жалағаш ауданы ауыл шаруашылығы саласында аймақта алдыңғы қатардан көрініп жүр. Дегенмен өздеріңіз білетіндей, соңғы жылдары аталған салада мәселелер жоқ емес. Ауыл шаруашылығы саласы, соның ішінде ауыл шаруашылығы өнімінің қайта өңделуі деңгейінің төмендігі, суармалы жерлерге судың жетпеуі, ирригациялық жүйелердің ескіруі секілді қиындықтарды шешуде барлық күш-жігерімді салатын боламын.

Денсаулық сақтау ұйымдарының жұмысы, медицина мамандарын шалғай аудандарға жұмысқа тарту секілді жұмыстарды назарда ұстаймын.

Қоғамда әр адам өзінің баспанасы болғанын армандайтыны өтірік емес. Осы ретте баспанаға кезектің көптігін ескере отырып, кезектіліктің заңды түрде жүруін бақылауда ұстаймын. Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық жүйелерінің, электрмен жабдықтау, жылу, ауыз сумен қамту жүйелері тозған елді мекендерде жаңарту бойынша жұмыстарды қадағалаймын.

Осы мәселелерді негізге ала отырып, алдағы бағыт-бағдарды белгілемін.

Ауыл тұрғындарының табысын арттыру

Бүгінде ауыл тұрғындары жұмыс жоқтықтан қалаға қоныс аударып жатқаны белгілі. Сондықтан ауылдық жерлердің инфрақұрылымын жақсарту кезек

күттірмейтін мәселе. Осыған байланысты егін және мал шаруашылығы бойынша өнімдерді қайта өндіру кәсібін жаңғыртуды қолға аламын. Ауылдардағы азаматтардың жеке кәсіпке бет бұруына ықпал жасаймын.

Кәсіпкерлерді қолдау

Өңірімізде жеке кәсіппен айналысамын деген тұрғындар қатары артқан. Әрине бұл жергілікті билік өкілдерінің аталған салаға мемлекеттік қолдауды тиімді пайдалануға қолайлы жағдай жасауы. Мен де әрі қарай осы үрдісті жетілдіруге күш-жігерімді саламын. Яғни қайтарымсыз грант, аз мөлшерлеменен несие беру тетіктерін жеңілдету бойынша жұмыстар атқарамын. Әсіресе жастардың жеке кәсіппен айналысуына қолдау білдіремін.

Өмір сүруге қолайлы орта

Ауылдық елді мекендерде «Ауыл – ел бесігі» жобасын жүзеге асыруға атсалысып, тұрғындарды әлеуметтік игіліктермен қамту, жол және көлік, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы инфрақұрылымын жаңғырту жұмыстарын қолға аламын.

Тең мүмкіндіктер жасау

Әлеуметтік және көлік инфрақұрылымы объектілерінің мүмкіндіктері шектеулі адамдардың бейімделуіне, оларға қажетті көмек құралдары мен қызметтерді онлайн режимде алуға мүмкіндік беретін әлеуметтік қызметтердің бірыңғай порталына



толыққанды көшу бағытында тиісті қызметтер атқарылуы қажет.

Құрметті сайлаушылар!

«Ер адам көп сөзді емес, нақты істерге бет бұруы керек» деген сөз менің өмірлік ұстанымым десем болады. Сондықтан да сіздердің қолдауларыңызбен ауданның мәслихат депутаты болып жатсам, жоғарыда аталған мәселелер бойынша жұмыс атқаруға уәде беремін. «Жігіттің екі сөйлегені, өлгені» дейді, мен халық үшін аянбай қызмет етуге бел будым.

Қаржысы республикалық бюджеттің қаражатынан төленді

Меншік иесі:
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы
Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары, жауапты хатшы, бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат қорындағы 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.
Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспанасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 364